

ХАТТАМА

«Өркен» бағдарламасы аясында
«Менің сезімдерім» тақырыбы бойынша 1-сынып оқушыларына арналған
психологиялық сағаты:

Өткізілген күні: 22.10.2025 жыл

Қатысқан оқушылар саны: 73 оқушы

Сабақтың мақсаты:

- Балалардың сезімдері мен эмоциялары туралы түсінігін қалыптастыру;
- Өз сезімін ажыратып, дұрыс білдіру дағдыларын дамыту;
- Эмоциялық жай-күйді реттеуге және бір-біріне мейірімділікпен қарауға үйрету.

1. Сабақтың өтілу барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен «Шаттық шеңбері» жаттығуы өткізілді. Әр бала бір-біріне жылы сөздер айтып, жағымды көңіл-күй орнатылды.

II. Кіріспе бөлім:

Психолог балалармен «Сезім деген не?» тақырыбында сұрақ-жауап жүргізіп, сезім түрлерін (қуаныш, реніш, қорқыныш, таңдану) талқылады.

III. Негізгі бөлім:

- «Смайликті тап» – оқушылар түрлі смайликтер арқылы сезімдерді ажыратты;
- «Айна» ойыны – эмоцияны қимыл және бет-әлпет арқылы бейнелеу жаттығуы;
- «Менің көңіл-күйім» – әр оқушы өз көңіл-күйін сурет арқылы бейнеледі және түсіндірді.

IV. Қорытынды бөлім:

«Жақсы сөз – жанға жылу» ойынында балалар бір-біріне жылы сөздер айтты. Сабақ соңында «Көңіл-күй смайлигі» арқылы рефлексия жүргізілді.

2. Сабақ барысын талдау:

Сабаққа оқушылар белсенді қатысты, өз сезімдерін қимыл, бет-әлпет және сөз арқылы жеткізе білді. Көпшілік балалар эмоция түрлерін дұрыс ажыратып, өз пікірін еркін айтты.

Бірқатар ұялшақ балалар бастапқыда қалыс қалғанымен, топтық жұмыс пен ойын элементтері олардың белсенділігін арттырды.

Жалпы сабақ эмоционалды жағымды ортада өтті, түзету-дамытушылық мақсатына жетті.

3. Қорытынды:

Сабақ барысында оқушылар өз сезімдерін тануға және оларды дұрыс білдіруге үйренді.

Эмоциялық зейін, өзара сыйластық пен мейірімділік қасиеттері қалыптасты. Психологиялық сабақтың нәтижесінде балалардың эмоционалды интеллектісін дамыту бағытында оң өзгерістер байқалды.

4. Ұсыныстар:

1. Эмоциялық даму тақырыбындағы сабақтарды жүйелі түрде өткізу;
2. Ұялшақ және өз сезімін білдіруде қиналатын балалармен жеке жұмыс ұйымдастыру;
3. Мұғалімдер мен ата-аналарға оқушылардың эмоционалды жағдайын бақылау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
4. Позитивті қарым-қатынас пен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған ойын-жаттығуларды жиі қолдану.

Психолог: Кешелова А.Б. Ш
(аты-жөні, қолы)